

Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің Діни істер комитетінің мәселелері

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 30 желтоқсандағы N 1319 Қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2016 жылғы 29 желтоқсандағы № 904 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 29.12.2016 № 904 қаулысымен.

"Қазақстан Республикасының Үкіметі туралы" Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 18 желтоқсандағы Конституциялық заңының 24-бабына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ** :

1. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің Діни істер комитет (бұдан әрі - Комитет) құрылсын.

2. Алынып тасталды - ҚР Үкіметінің 2008.03.28 N 300 (қолданысқа енгізілу тәртібін 5-тармақтан қараңыз) Қаулысымен.

3. Алынып тасталды - ҚР Үкіметінің 2008.03.28 N 300 (қолданысқа енгізілу тәртібін 5-тармақтан қараңыз) Қаулысымен.

4. Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

1) "Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің мәселелері" туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 28 қазандағы N 1120 қаулысында (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 2004 ж., N 41, 532-құжат):

көрсетілген қаулымен бекітілген Қазақстан Республикасы Әділет министрлігі туралы ережеде:

1-тармақтың үшінші абзацында "Құқықтық көмек және заңгерлік қызмет көрсетуді ұйымдастыру комитеті" деген сөздер "Халыққа құқықтық көмек және заңгерлік қызмет көрсетуді ұйымдастыру комитеті, Діни істер комитеті" деген сөздермен ауыстырылсын;

10-тармақтың 1) тармақшасы мынадай мазмұндағы абзацпен толықтырылсын :

"азаматтардың діни сенім және діни бірлестіктермен өзара іс-қимыл бостандығына құқықтарын қамтамасыз етуді";

көрсетілген қаулымен бекітілген Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің Тіркеу қызметі комитеті туралы ережеде:

1-тармақтың бірінші және екінші абзацтарында "жасалатын мәмілелерді," деген сөздерден кейін "діни бірлестіктерді қоспағанда," деген сөздермен толықтырылсын;

10-тармақтың 1) тармақшасының екінші, бесінші абзацтарында, 2) тармақшасының екінші абзацында "заңды тұлғаларды," және "мемлекеттік тіркеуді," деген сөздердің алдынан тиісінше ", діни бірлестіктерді қоспағанда," ", діни бірлестіктердің филиалдары мен өкілдіктерін қоспағанда," деген сөздермен толықтырылсын;

2) күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008.04.15 N 339 Қаулысымен)

5. Осы қаулы 2006 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі*

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2005 жылғы 30 желтоқсандағы
N 1319 қаулысымен
бекітілген

Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің Діни істер комитеті туралы ереже

Ескерту. Ереже алынып тасталды - ҚР Үкіметінің 2008.03.28 N 300 (қолданысқа енгізілу тәртібін 5-тармақтан қараңыз) Қаулысымен.

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2005 жылғы 30 желтоқсандағы
N 1319 қаулысымен
бекітілген

**Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің Діни істер комитетінің
құрылымы**

Ескерту. Құрылым алынып тасталды - ҚР Үкіметінің 2008.03.28 N 300 (қолданысқа енгізілу тәртібін 5-тармақтан қараңыз) Қаулысымен.